

Бекітемін:
колледж директоры

Б.Ж.Бұғасов



**«Жәлел Қизатов атындағы жоғары ауыл шаруашылығы колледжі» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорынындағы жастар ісі жөніндегі комитетінің
ЕРЕЖЕСІ**

ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1 Жастар ісі жөніндегі комитет жастар мемлекеттік саясатын жүзеге асырушы колледждің құрылымдық бөлімшесі.

1.2 Жастар ісі жөніндегі комитет оған тапсырылған қызмет аясы және колледж жастар құрылымы жұмысының тиімділігі үшін колледж әкімшілігі алдында жауапты.

1.3 Жастар ісі жөніндегі комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясын, «Білім беру туралы» заңды, «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдары», жоғары тұрған ұйым мен мекеме, Ғылыми кеңес, колледж әкімшілігінің шешімін басшылыққа алады.

1.4 Жастар ісі жөніндегі комитет жастар ұйымы мен комитеттерді белгіленген тәртіпте құрастырады және жояды, жоспары, ережелерін бекітеді, өз құзыретіне жататын қаулы мен әдіснамалық ұсыныстарды құрастырады.

1.5 Қызметінде жастар ісі жөніндегі комитеті тәрбие жұмысы бойынша директор орынбасарына бағынады.

2. Мақсаты

2.1 Жастар ісі жөніндегі комитет қызметі жастар саясаты және оны жан-жақты жүзеге асыру шараларын іріктеу және жүзеге асыруға бағытталған.

3. Міндеттері

3.1 Қызмет бағытына сай топтарда және колледжде толықтай оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру және жетілдіруге қатысу.

3.2 Студенттік топтарда шығармашылық, өзара көмек көрсету жағдайын қалыптастыру.

3.3 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға қатысу.

3.4 Олимпиада, ғылыми конференцияны ұйымдастыру және өткізуге қатысу.

3.5 Бағытына қарай байқау, конкурстарға қатысу.

3.6 Жастар саясатын жүзеге асыру, жастар мәселесін дер кезінде шешу, мәселесінде колледж қоғамдық ұйым қызметін реттеу, жастар мәселесін нақты әрі дер кезінде шешуге қатысты сұрақтар бойынша жоғарыдағы өкілеттік, жастар ұйымдарымен қарым – қатынаста болу.

4. Негізгі қызметтері

Жастар ісі жөніндегі комитет (жоғарыда жүктелген міндеттеріне сай) мына қызметтерді іске асырады:

4.1 Колледжде жастар саясатын жан-жақты жүзеге асыру жұмыстарын жүргізеді;

4.2 Қазақстан Республикасы заңнамалық актілері, «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасында» сипатталған құқық, міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз етеді;

4.3 Жоғарғы ұйым, әкімшілік шешімдерін орындау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

4.4 Комитет бөлімшелеріне кадр және белсенді студенттерді іріктеуді жүзеге асырады;

4.5 Комитет, оның бөлімшелері жұмысын жоспарлайды, бөлімшелерінің жоспарды орындауын бақылайды;

4.6 Жастармен жұмыс жасаудың озық тәжірибелерін зерттейді, толықтырады және таратады, қызмет стилі, формасы мен әдістерін жетілдіреді;

4.7 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға қатысады.

5. Жоспарлау тәртібі және есеп беру

5.1 Жастар ісі жөніндегі комитет жұмысы колледж директоры бекіткен жоспарға сай жүргізіледі.

5.2 Жастар ісі жөніндегі комитет шешімі қаулы, өкім түрінде ресімделеді де, ЖІК инспекторлары, топ старосталары орындаулары үшін міндетті.

5.3 Тәрбие жұмысы бойынша директор орынбасарына есепті даярлау және уақытында тапсыру.

6. Құқықтары мен міндеттері

Жастар ісі жөніндегі комитет құқықтары:

6.1 Студенттік белсенділері өкілдерін отырыстарында тыңдау;

6.2 Колледж әкімшілігі, Ғылыми кеңес, қабылдау комиссиясында жастардың атынан мүдделері мен мәселелерін қорғау;

6.3 Басқа колледж жастар ісі жөніндегі комитеттерімен байланысты іске асыру;

6.4 Колледж әкімшілігінен жастарды материалдық және моралдық қолдау және тәртіптік сипаттағы шараны қолдану үшін ұсыныс жасау;

6.5 Колледж әкімшілігіне студент жастармен жұмысты жақсартуға қатысты ұсыныстарды айту;

6.6 Оқу бөліміндегі бар қажетті (құзыретіне енетін) барлық деректі ағымдық жұмысында қолдану.

7. Құрылымы

7.1 Жастар ісі жөніндегі комитет колледж әкімшілігі тағайындаған төраға басқарады.

Төраға:

7.1.1 Комитет алдындағы міндеттер және жеке қызметтік міндеттері үшін төраға жеке басты жауапты;

7.1.2 Төраға орынбасарлары арасындағы міндеттерді бөледі және қызметтерін реттейді;

7.1.3 Төраға орынбасарларының жауапкершілік дәрежесін анықтайды;

7.1.4 Қызметтік міндеттерін орындаған кезде Төраға колледж әкімшілігі ұсынған құқықтарын қолданады.

7.2 Жастар ісі жөніндегі комитет құрамына енетіндер:

– жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы;

– Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасының орынбасары;

– ЖІК инспекторлары;

– Топ старосталары;

– Студенттік кеңес төрағасы.

7.3 Студенттік кеңес міндеттері

7.3.1 Студенттік кеңес жұмысына жауапты.

7.3.2. ЖІК төрағасына жұмыс жоспарын құруға көмектесу.

7.3.3. Студенттер демалысын ұйымдастыру, колледж қоғамдық жұмысына белсене араласу.

7.3.4. Студент жастарға қатысты негізгі қалыптық-реттеу құжаттары, колледж бұйрығы мен өкімін студенттерге үнемі жеткізіп отыру.